


15.04.2024 күні «Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай» халықаралық қозғалысының еріктілері 10 сыныптар арасында алғашқы көмек көрсету дағдыларын көрсетті. Алғашқы көмек көрсету бойынша білім мен дағдылардың болуы өте маңызды, себебі оқиғадан кейінгі алғашқы минуттарда зардап шегуші адамның денсаулығы мен өмірінің тағдыры шешіледі.



15-16.04.2024 күні Ақмола облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Курсанова Р.Т және де ювиалды полиция қызметкерлері 9-10 сыныптар арасында нашақорлықтың алдын алу және құқық бұзушықты болдырмау бойынша дәріс өткізді.



17-18.04.2024 жылы гимназия оқушылары Көкшетау қаласындаы Жоғары техникалық колледжіне экскурсияға барды. Экскурсия барысында оқушылар колледж өмірімен, мамандық түрлері жайлы тың ақпараттар игерді. Жоғары техникалық колледж-бәсекеге қабілетті мамандарды дайындайтын заманауи оқу орны. Колледждің әр студенті өз әлеуетін іске асыруға жәнғ техникалық маманжар саласында кәсіби маман болуға мүмкіндік алады. Оқушылар Работы және лазерді дәнекерлеу, тігін технологиясы, жиназ орталығы, дәнекерлеу технологиясымен танысты.





19.04.2024 күні «Зерделі ұрпақ» ұйым жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың, қорлау, кибербуллингтің алдын алу мақсатында 8 сыныптар арасында дәріс жүргізіп, оқушыларға қойылым көрсетілді.



19.02.2024 күні Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің өкілдерінің қатысуымен 11 сыныптар арасында кәсіптік бағдар беру тақырыбы бойынша кездесу өтті. Кездесу барысында мектеп түлектері өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап ала алды.



22.04.2024 күні Ақмола облысы юиналды полиция қызметкерлері 7 сыныптар арасында нашақорлықтың алдын алу мен құқық бұзушылықты болдырмау бойынша дәріс өткізді.



24.04.2024 күні 9 сынып оқушыларымен «Өмір жолын қалыптастыру, кәсіби мақсаттар» әңгімесі жүргізілді. Өткізілген әңгіме барысында оқушылар өздерінің таңдаған мамандықтары жөнінде ойын ортаға салып, әртүрлі тапсырмаларды орындады. Сондай-ақ оқушыларды қызықтыратын мамандықтар жайлы тың ақпараттар берілді.



26.04.2024 күні «Zeun QOI» шет мемлекетке оқуға түсуге дайындайтын мектептің өкілдері 9 сыныптар арасында әңгімелесу өткізді.



26.04.2024 күні 6 сынып оқушыларымен «Өмір жолын қалыптастыру, кәсіби мақсаттар» әңгімесі жүргізілді. Өткізілген әңгіме барысында оқушылар мамандықтар әлеміне байланысты тапсырмалар орындап, жұмбақтардың жауабын тапты.



29.04.2024 күні 11 сынып оқушылары Абай Мырзахмет атындағы Көкшетау университетіне экскурсияға барды. Экскурсия барысында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды.



16.05.2024 күні 2023-2024 оқу жылындағы мектеп бітірушілерді болашақ мамандық таңдауға бейімдеу және кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында «Бүгінгі оқушы- ертеңгі студент» тақырыбында 2022-2023 оқу жылында мектепті бітіріп, қазіргі таңда Жоғары техникалық колледжінде оқып жүрген 1 курс студенттерімен кездесу өтті. Кездесуге келген студенттер өзі білім алып жүрген білім ордасы жайлы оқушыларға мәлімет беріп, ондағы мамандықтар туралы қызықты қажетті ақпараттар мен пайдалы кеңестер береді.



24.05.2024 күні Көшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов атынданғы университет өкілдерімен 11 сыныптар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша кездесу өтті. Университет бағдарламалары жеке тұлғалардың, қоғамдық, топтар мен мекемелердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға жауапты, сондай-ақ, мемлекеттегі және әлемдегі әлеуметтік, саяси, экономикалық ортаға бейімделген.

